



Ата – аналармен өткізілетін
2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: Балабақшамен ата – ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата – ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата – аналармен тығыз байланыста болу.

Тақырыбы	Ұйымдастыру кезеңі	Мерзімі	Жауаптылар
«2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру»	1.Жылудық шеңбері 2. Ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру.Топтық ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау 3.Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (бастапқы) 3. «Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі» атты баяндама	Қыркүйек	Тәрбиешілер Психолог
«Берекелді алтын күз!»	1.«Алтын күз» көрме 2. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары (кеңес)	Қазан	
«Анаммен бірге, әкеммен бірге».	1. «Тілек шамы» 2. «Ашық есік» күні Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (аралық) 3. «Жаңа –жыл» туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу 4. «Жаңа жылдың сиқырлы әлемі» сауалнама	Желтоқсан	Тәрбиешілер Психолог
«Ана-асыл қазынам!»	1. «Аяулы анашым!» - 8-ші наурыз мерекесі (ертеңгілік)	Наурыз	
«Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас»	1. Шаттық шеңбері: «Жүректен жүрекке жылы сөздер» 2. Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (қорытынды) 3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларына дайындық 4. «Ата-ана бала тәрбиесінің айнасы» тренинг	Мамыр	Тәрбиешілер Психолог

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Еркем-ай» кіші тобында
2022 жылдың 20 қыркүйекте топтық ата-аналар жиналысы болып өтті

Хаттама №1

Қатысуы тиіс:15

Қатысқаны:10

Себепті: 5

Тақырыбы: «2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру»

Күн тәртібінде

1. «Келіңіз танысайық»
2. Ата-аналарды 2022-2023 оқу жылының жоспарымен таныстыру.Топтық ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау
- 3.Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (бастапқы)
- 4.Ата-анаға кеңес: «Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі»

Тыңдалды

1. Тәрбиеші Ж.Бижанова «Келіңіз танысайық» тақырыбында жаңа оқу жылында жаңадан қабылданған балалардың ата аналарымен танысу жұмыстары жүргізілді.
- 2 Тәрбиеші Ж.Бижанова 2022-2023 оқу жылының жылдық жұмыс жоспарымен таныстырып, ата-аналар комитетінің атқаратын қызметі жайлы айта келіп, биылғы оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлап алуға ұсыныс білдірді.

Жарыс сөз

Ата-ана Боранбаева Айдын: Ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана Еликбаева Жанат,мүшелерін Умиркулова Қарлығаш, Пернебек Перизат сайлансын деп ұсыныс тастады. Бұл ұсынысты барлық ата-аналар қолдады

3.Тәрбиеші Д.Абдраманова тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстырды

4.Тәрбиеші Ж.Бижанова «Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі» атты баяндамасында: Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылуы-баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу-білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Күн тәртібі дегеніміз-баланың күнделікті қайталанып отыратын іс-әрекетінің,тынығатын кезеңдерінің нақты,белгілі бір жүйемен ауысып келуін көздейтін,тиімділігі ғылыми негізделген,үйреншікті өмір тәртібі екенін айтып өтті.

Шешім етті

1.2022-2023 жылының жылдық жұмыс жоспары іске асырылсын

2.Ата-аналар комитетінің төрайымына ата-ана Еликбаева Жанат,мүшелеріне Умиркулова Қарлығаш, Пернебек Перизат сайлансын.

3. Тәрбиешілер ата -анамен бірлесе отырып тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау жалғасын тапсын.

4.Ата-аналармен бірлесе отырып, баланың «Балабақшадағы және үйдегі күн тәртібі» қолға алынсын!

Ата –аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Еликбаева Жанат

Г.Абдуллаева

Балаңыздың күн тәртібі (1 жастан 3 жасқа дейін)



Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібінің баланың өсуі мен денсаулығын нығайтуда маңызы зор. Сонымен қатар, ол бала бойында жақсы әдеттерді қалыптастыруға, ерік-жігерін нығайтуға, ұстамдылық, ұқыптылық сияқты басқа да маңызды қасиеттерді жетілдіруге көмектеседі. Күн тәртібі – балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, дұрыс ойластыра жасалған еңбекке дағдыландыру, демалыс, тамақтандыру ережесі.

Сәбиді белгілі бір уақытта ғана тамақтандыру қажет. Кейбір аналар бұл талаптарды сақтамайды. Сөйтіп, бала тәрбиесіне белгілі дәрежеде қиындық келтіреді.

Жас нәрестенің жүйке жүйесі сыртқы ортаның әртүрлі әсеріне өте сезімтал болып келеді. Балалар тез шаршайды, сондықтан жиі әрі ұзағырақ тынығуды қажет етеді. Демалыстың ең басты түрі – ұйқы. Егер ұйқысы шала болса, ағза толық тынықпайды. Бұл денсаулыққа зиян келтіреді. Денсаулығы нашар балалар жасына қарамастан көбірек ұйықтаулары қажет. Сәбилерді белгілі бір уақытта ұйықтауға, белгілі бір уақытта тұруға үйрету де маңызды. Ұйықтар алдында алаңсыз ойнағаны жөн, ал жарты сағат серуендеу тіпті пайдалы. Жатар алдында бала беті-қолын, мойнын, аяқтарын жылылығы үй температурасымен бірдей сумен жуғаны дұрыс. Мұның тек гигиеналық қана емес, сонымен бірге, ағзаны шынықтыруда маңызы бар, жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді, неғұрлым тез ұйықтауға көмектеседі. Кешкі тамақты ең аз дегенде жатардан 1-1,5 сағат бұрын ішу керек. Баланың өзіне арналған таза, бірақ онша жұмсақ емес төсегі болғаны жөн. Ұйықтар алдында бөлмені желдетіп алу қажет.

Бала таза ауада мүмкіндігінше ұзағырақ: жазда күні бойы, көктемде, күз бен қыста бірнеше сағат бойы болуы керек. Ауа райы қолайсыз күндерде серуенге ұзақ болмаса да жиірек шыққан жөн. Таңертеңгі, түскі, бесіндік және кешкі тамақтану мерзімдерін бұзбай сақтау қажет. Бейберекет ішкен тамақ та денсаулыққа зиян.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сурет салумен, қағаз қиюмен, санақ есеппен, илеп мүсіндер жасаумен және басқа да істермен айналысуына арнайы уақыт бөлінеді. Мұндай істермен 3-4 жастағы балалар 15-20 минут, ал 5-6 жастағы балалар 30-40 минут қана айналысуы тиіс. Іс-әрекеттерді алмастыра отырып, әрбір 20-25 минут сайын үзіліс жасаған жөн. . Балалардың жоғарыда аталған жаттығуларын таңертеңгі тамақтан кейін ұйымдастырған дұрыс. Ал қалған уақыт ойынға арналады.

Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары

Дәрумендердің өсіп келе жатқан бала ағзасына тигізетін әсері өте зор, өйткені олар заттардың алмасуын, иммунитеттің дұрыс қалыптасуын, жүйке жүйесінің қызметін реттейді. Кейбір дәрумендердің тапшылығы балалар өліміне тікелей ықпал етеді.

Дәрумендердің бала ағзасында жетіспеушілігінен «гиповитаминоз» деген құбылыс пайда болады. Гиповитаминоздың даму себептерін екі үлкен топқа бөлуге болады:

1. Сыртқы себептер: дәрумендердің бала ағзасына жеткіліксіз мөлшерде түсетін жағдайлар. Мәселен, нәрестені ұзақ уақыт сиыр сүтімен тамақтандырғанда, тамақ құрамында көкөністердің аз болуы, жеміс-жидек шырындарын балаға кешіктіріп немесе жеткіліксіз мөлшерде беру, тамақты дұрыс дайындамау және сақтамау, құрамында көмірсулары көп тағамдарды – қант, ақ нан, кондитерлік өнімдерді шамадан тыс мөлшерде пайдаланғанда.

Дәрумен тапшылығы балалар ұзақ ауырғанда, дәрі-дәрмектер ішкенде де пайда болады. Ондай дәрілерге сульфаниламидтер, антибиотиктер, фенobarбитал, изониазид, дигиталис, антацидтер жатады.

2. Ішкі себептер: бала асқазан, өт, бауыр, ұйқы безі, ішек ауруларымен сырқаттанғанда және ауыр, ұзаққа созылған инфекциялық ауруларда, темекі тартатындар мен нашакорларда ағзасына ауыр физикалық салмақ түсетін спортшы аналарда гиповитаминоз пайда болады.

Гиповитаминоздың негізгі клиникалық белгілері:

- баланың көңіл-күйінің төмендеуі;
- ақыл-ойы, күш-жігері әлсірейді. Оның ішінде кішкентай балалардың тәртібі нашарлап, қимылдау қабілеті азаяды, психикалық дамуы тежеліп не өзгереді;
- баланың иммунитет жүйесінің жұмысы төмендейді, яғни олар инфекцияларға қарсы тұра алмайды, кез келген аурумен тез ауырады олар ұзақ ауырып, көбіне аурудың созылмалы түріне айналады;
- баланың физикалық дамуы төмендеп, өзінің жасына сай келмейді, дене салмағы мен бойы өз құрбыларыныкінен қалыс келеді;
- ағза мүшелері мен жүйелерінің қалпына келу қабілеттілігі төмендейді.

Әсіресе, дәрумендер тапшылығы пайда болатын көктем айларында баланың ішетін тамақ құрамында жеткілікті мөлшерде көкөніс, жеміс-жидектер болуы керек. Сонымен қатар, ет, жұмыртқа, сүт және сүт өнімдері мен өсімдік майларының да қажетті мөлшерде болуы шарт.

Сондықтан біз қай дәрумендердің қандай қасиеті бар екенін және қандай өнімдерде болатынын білуіміз керек.

A – дәрумені көздің көруін жақсартады, терінің жазылуына, жаңаруына көмектеседі, бауырды қорғайды. Ол сәбізде, шабдалда, сары өрікте, бананда, жүгеріде, аскабакта, жұмыртқада, қаймақта, шпинатта болады.

B1 – дәрумені көмірсулар айналымын, судың тепе-теңдігін реттейді. Ол қара нанда, кебегі бар нанда, бауырда, жармада, етте, сиыр сүтінде болады.

B2 – дәрумені ағзаның өсуіне, заттардың алмасуына көмектеседі. Сүтте және оның өнімдерінде, етте, балықта, нанда, ашытқыда болады.

B6 – дәрумені жүйке қызметін реттейді, жүрек етінің жиырылуын күшейтеді. Ол бауырда, қара нанда, картопта, етте, балықта, бананда, бұршақта, сояда болады.

B12 – дәрумені бауыр мен жүйке жүйесіне жақсы әсер етеді, қанның ұйытушы жүйесін жақсартады. Бауырда, бүйректе, жұмыртқаның уызында болады.

C – дәрумені қанның ұйығыштығын, ағзаның инфекцияларға қарсы тұру қабілетін арттырады. Цитрустарда, итмұрында, қарақатта, қырыққабатта, кивиіде, сельдерейде болады.

D – дәрумені сүйектің минералдануы мен қатаюына көмектеседі. Балық майында, треска бауырында, балық уылдырығында, жұмыртқада, сүтте, сары майда бар.

E – дәрумені тері мен шырышты қабаттың жазылуын жақсартады. Жаңғақта, көк бұршақта, жүгеріде, цитруста, сельдерейде, өсімдік майында болады.

PP – дәрумені қан тамырларын күшейтеді, бауырдың қызметін жақсартады және жүрек бұлшық етіне жағымды әсер етеді. Бұршақ және бұршақ тектес өсімдіктерде болады.

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Еркем-ай» кіші тобында
2022 жылдың 19 желтоқсанда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті

Хаттама № 2

Топтық ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 13

Себептісі: 2

Тақырыбы: «Анаммен бірге, әкеммен бірге»

Күн тәртібінде:

1. «Тілек шамы»
2. Ашық есік күні. Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (аралық)
3. Жаңа-жыл туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
4. «Жаңа жылдың сикырлы әлемі» психолог Г.Абдуллаева

Тыңдалды:

1. Тәрбиеші Ж.Бижанова «Тілек шамы» Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір-біріне жылы тілектер тіледі.
2. Тәрбиеші Д.Абдраманова «Ашық есік» күні ата-аналарға мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу-оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстырып, олармен қызықтыра білуге және мүмкіндік бар екенін айтып өтті. Ата-аналарға балабақша жұмысынан «Шалқан» ертегісін балалар сахналап көрсетті. Сонымен қатар балалардың білім деңгейі қыркүйекке қарағанда біршама өскенін, осы уақыт аралығында мерекелерге байланысты өткізілген іс – шаралар туралы және осы орайда ата-аналардың қосқан үлестері жайында айта келіп, кітап бұрышын толықтыруға қосқан ата -аналарға алғысын білдірді.

Пікір: Ата-аналар «Шалқан» ертегісі өз дәрежесінде өткенін айтып өтті

3. Тәрбиеші Ж.Бижанова «Келді міне, Жаңа жыл!» атты ертеңгіліктің іс-шараларымен, сонымен қатар ұл-қыздардың жаңа жылға билейтін билерімен, оларға маскарадтық киімдердің керек екендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыс сөз

Ата-ана А.Жаксыбаева: Жаңа жылдық мерекенің өз дәрежесінде,балаларға думанды кеш сыйлау үшін маскарадтық киім кигізуге ат салысамыз. Ата-аналар бір ауыздан жаңа жылдық мерекеге, маскарадтық киімдерге ат салысып өздері дайындайтынын айтты.

4. Психолог Г.Абдуллаева «Жаңа жылдың сиқырлы әлемі» тақырыбында ата-аналарға арналған сауалнамаға жауап беруін өтінді. Әр ата-ана сауалнамаға өз ойларын білдіріп,сұрақтарға жауап берді.

Шешім етті:

- 2.Балалардың тәрбиесіне көңіл бөлу, бірлесіп жұмыс жасау жалғасын тапсын.
3. Мерекелік іс –шараны өткізуде бірлесе отырып жұмыс жасау жалғасын тапсын.
4. Дайындалған сауалнама бойынша топтық ата-аналардың жауаптарына қарай, жұмыстар жүргізілсін.

Ата –аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Еликбаева Жанат

Г.Абдуллаева

Жаңа жылдың сиқырлы әлемі

Мақсаты:. Мұндай сауалнама ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланыс орнатуға, балалардың мерекеге қатысты көңіл-күйін түсінуге және оларды дамыту үшін қандай шаралар қолдану қажеттігін анықтауға көмектеседі.

Жаңа жылдық сауалнама (ауызша жүргізілді)

1. Сіздің балаңыз Жаңа жылды қалай өткізуді күтеді?
2. Балаңыз Жаңа жылдық мерекеде қандай сыйлық алғысы келеді?
3. Жаңа жылдық мереке кезінде балаңыздың қандай қызығушылықтары ерекше?
4. Балаңыз Жаңа жылдық шараларға қалай дайындалып жатыр?
5. Сіздің ойыңызша, Жаңа жылды отбасыңызбен қалай атап өту қажет
6. Балаңыз Жаңа жылдық мереке барысында қандай құндылықтарды үйренгенін қалар едіңіз?
7. Жаңа жылдық мереке кезінде балаңыздың көңіл-күйін қалай жақсартуға болады деп ойлайсыз?
8. Балаңызға жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға қатысуға мүмкіндік беру керек деп санайсыз ба?
9. Сіздің отбасыңыз үшін Жаңа жылдағы ең маңызды нәрсе қандай?
10. Жаңа жылды балаңыз үшін ерекше етіп өткізу үшін сіздің ойыңызша қандай қосымша іс-шаралар жасау керек?

Бұл сауалнама ата-аналардан балалардың Жаңа жылға деген көзқарасын және сол мерекеге қатысты олардың ойларын білу үшін жүргізілді. Жауаптарды жинақтау балалардың Жаңа жылды қалай күтетіні мен ата-аналардың мерекені ұйымдастыру бойынша ұсыныстары туралы толық ақпарат береді.

«Балдырған бөбекжай-балабақшасының» «Еркем-ай» кіші тобында
2023 жылдың 20 мамырда топтық ата-аналар жиналысы болып өтті.

Хаттама № 3

Топтық ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 15

Қатысқаны: 13

Себептісі: 2

Тақырыбы: «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас»

Күн тәртібінде:

1. Шаттық шеңбері: «Жүректен жүрекке жылы сөздер»
2. Ата-аналарды тәрбиеленушілермен жүгізілген біліктілік даму деңгейін бақылау мониторинг жұмысының қорытындысымен таныстыру (қорытынды)
3. Ата-аналарды жазғы сауықтыру жұмыстарымен таныстыру
4. «Ата-ана бала тәрбиесінің айнасы» тренинг Психолог: Г.Абдуллаева

Тыңдалды:

1.Тәрбиеші Д.Абдраманова «Жүректен жүрекке жылы сөздер» атты Шаттық шеңберін ұйымдастырды.

2. Тәрбиеші Д.Абдраманова ең бастысы балалар балабақшаға,балабақша өміріне толық үйренді.Барлық балалар жыламай еркін кіреді.Өздері тамақ ішіп дәретханаға да біздің көмегімізсіз отыра алады.Ұйымдастырылған оқу-іс-әректіңде де еркін отырып,10-15 минут жұмыс жасай алады.Балалар пішіндерді,түстерді айта алады.Сонымен қатар жыл мезгілін және айларын біледі. Маусымдық табиғаттағы өзгерістерді атай алады. Алтын күз мерекесімен,жаңа жыл мерекесінде,аналар мерекесінде балалар өздерін жақсы көрсетті.Өлеңдерін,тақпақтарын жақсы айтып,билерін де жақсы биледі.Тәрбиешілер балабақша басшыларынан көптеген мақтау алды.

3.Тәрбиеші Ж.Бижанова топтың жазғы сауықтыру іс-шарасы жұмыстарымен таныстырды.Алдағы жазғы сауықтыру айларында оқу жылындағы оқу іс-әрекеттерге қарағанда жеңіл өтетіндігін яғни барлық оқу іс-әрекеттер ойын түрінде өтетіндіктерін және қимылды ойындар балалардың қимыл-қозғалысын дамыту болып табылатындығын жеткізді.

4. Психолог Г.Абдуллаеваның қатысуымен «Ата-ана бала тәрбиесінің айнасы» атты психологиялық тренинг өткізілді.Тренинг мақсаты ата-аналардың эмоцияналды көңіл-күйлерін көтеру,кәсіби шеберліктерін арттыру және балалармен топтасып жұмыс жасауды дамыту.Тренинг барсында ата-аналармен түрлі ойындар жүргізілді.

Пікір

Ата-ана; Н.Мырзалиева «Ата-ана бала тәрбиесінің айнасы» тақырыбындағы тренинг қатты ұнады.Ойындар арқылы кейбір ойдағы жағдаяттардан бір сәт арылып,көңіл күйім көтеріледі.Осындай тағылымы мол тренингтер көптен өткізіп тұрсаңыздар.Сіздердің ұжымдарыңызға шығармашылық табыс тілеймін.

Шешім етті:

2. Балалардың тәрбиесіне көңіл бөлу, бірлесіп жұмыс жасау жалғасын тапсын.
3. Ата-аналарды жазғы сауықтыру іс-шарасы жұмыстарының жүргізілу іске асырылсын
- 4.Түрлі тақырыпта тренингтер өткізу жалғасын тапсын

Ата –аналар комитетінің төрайымы:

Хатшы:



Еликбаева Жанат

Г.Абдуллаева